

УҚ	Қазақ тілі 5.7.12.2023
Міндеті	Міндеті: Менің Отаным Қазақстан тақырыбында балаларға мәлімет беру. Жаңа сөздермен таныстыру барысында балалардың туған жерге, отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Бейнеролик арқылы Қазақстан Республикасы мен Астана қаласына саяхат жасау арқылы тақырыпты бекіту. Пазл жинау ойыны арқылы тақырыпты қорытындылау. Сөздер: Астана, әдемі, туған жер.
Корнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, бейнеролик
Мотивациялық-қозғаушылық	Жоғары қараймыз, Шандрақты көреміз. Төмен қараймыз, Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып, Егеменді елді көреміз.
Ұйымдастыру-шылық-іленушілік	Балалармен Қазақстан Республикасы мен Астана қаласы туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен Астана қаласы туралы әңгімелесеміз. — Сәлеметсіздер ме?! Біз сендермен Астананың көрікті орындарын арналған бейнероликті көрсету арқылы саяхат жасаймыз. Астана – біздің бас қала. Мынау – Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. — Көшелер тіза. Мынау – үй. Биік үй. Әдемі үйлер. — Мынау – Бөйтерек. (Түсінік беріледі). Бөйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Астана – жаңа қала. Астана қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза» жаңа сөздерін қолданып, жауап береді). Дыбыстық жаттығу Ә-ә-ә-ә – ба-ә-ә й-те-рек – бөйтерек. І-і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш. Ойын: «Алтын сақпақ». Астана қаласы туралы балаларға мәлімет беру. Балалар сақпақ бір-біріне береді. Сақпақ қолына алған бала тақырып бойынша сөз айтады. Балалар сенде Астана қаласында болдыңдар ма? -Онда қандай көрікті жерлерге бардыңдар? (сұрақ-жауап тәсілі) Сергіту сәті: педагог балаларға сұрақ қойып, жауап алып қимылмен орындайды. — Күннің шыққаны жақсы ма? — Жақсы! (Күнді бейнелейді). Желдің соққаны жақсы ма? Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербелейді). — Достарымен жүрген жақсы ма? Жақсы! (Алға қарай адымдайды). Туған өлкеде жақсы ма? Жақсы! (Құшақтарын жаады). — Балабақша жақсы ма? — Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады). Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала) Кө... (көше) Сая... (саябақ) Астана... (Астана – әдемі, әсем қала). Тыңда. Тағы сөздерді тап, ата. Астанамыз – жас қала, Күндеп өсіп келеді, Жас та болса – бас қала. Гүлдеп өсе береді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 5.12.2023 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева